

**«Қазақ тілін оқыту әдістемесі:
тәжірибесі, бiгiнгi әзектi мәселелерi және болашағы»
ғылыми-тәжірибелiк конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Нұр-Сұлтан, 2019

АКАТАЕВА Шуға Берiкқызы
*Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университетiнiң
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент*

**«ҰШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ЖҢЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Адамның ойын жарыққа шығаратын құрал – тіл. Ал, тіл – адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бiрге атадан балаға мирас болып келе жатқан әмiр тәжірибесiн, әнер-бiлiмiн жеткiзушi құрал. Рухани байлығымыз тіл арқылы жасалады, жеткiзiледi. Кез келген халықтың тілі сол халықтың ұлттық ерекшелiгiн танытатын қойма тәрiздес. Сол қойманы ашып, қазынасын танып бiлу – бiзге мұратты iс. Ұлтаралық татулық – мемлекеттік 162 тұрақтылықтың негiзi. Елiмiздегi түрлi ұлт әкiлдерiнiң татулығы, ынтымағы әзге елдерге үлгi боларлықтай екенi даусыз.

Тәуелсiздiк тiзгiнi қолымызға тиiп, егемендi ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елiмiзде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тiкелей басшылығымен саликалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлi жолдауларында да тіл саясатына, оның iшiнде қоғамдағы мемлекеттік тiлдiң мәртебесiн кәтерү мәселесiне тоқталмай әткен емес. Бiлiм мен ғылымның, экономиканың, бизнестiң, саясаттың, жалпы бәсекелестiктiң қарыштап дамып отырған бүгiнгiдей жаһандану кезеңiнде Елбасы кәрегендiк танытып, алдымызға үш тiлдi бiлу қажеттiгiн қойып отыр. Әсiресе, әскелең ұрпақтың, жастар алдында бiрнеше тiл бiлу мiндетi тұр. Мемлекет басшысы —Жаңа әлемдегi жаңа Қазақстан! атты Қазақстан халқына Жолдауында: —Қазақстан халқы бүкiл

әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі, — деген болатын. Президент Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған —Қазақстан халқының әлауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты атты Жолдауында Үкіметтің алдына —Тілдердің үш тұғырлылығы мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды. Сондықтан, балаларды өзара сыйластыққа, бауырмалдыққа, татулыққа тәрбиелеу мақсатында. Елімізде білім саласы айрықша даму үстінде.

Кеңестік одақ кезінде аты естілмеген өзгерістер 20 жылда әмірімізге енді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» - мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды. «Қазақстан халқы бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс» екенін ерекше атады. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға мирасболып отыратын баға жетпес мұра. Қазақ тілі – өзінің даласындай кең де,жайдарлы да жалпақ тіл. Қазақ қашан да даланың қоңыр желіндей аңқылдап,еркін әсіп тұрады.

Мақсатымыз: Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге, қадірлеуге үйрету. Студенттерді ізденуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, көпшілік алдында сөз сөйлеуге, өз пікірін дәлелді жеткізуге дағдыландыру. Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. Сондықтан «Үш тұғырлы тіл» мәселесі көтеріліп жатқан-да, мемлекеттік тіл мен шет тілдері де меңгеру 2016 жылдан бастап қолға алынбақ.

Ұлы Абай «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген емес па еді? «Үш тілді меңгеру-жарқын болашақтың кепілі» атты желеумен мемлекеттік тіліміз қазақ тілін, орыс тілін және де халықаралық тіл ағылшын тілін ұйымдасқан түрде тіл үйрену курстарын қолға алды. Тілге тиек етіп әтер жайт бұл тіл үйрену болашақта қолданылатын латын әліпбиімен тікелей байланысты болмақ. Неге десеңіз ағылшын тіліндегі 26 әріптің көбі, тіпті барлығы десек те болады, латын әліпбиінде кездеседі және оқылуы жағынан да бірдей десек те болады. Бұл латын әріпіне көшу жайлы «Үш тұғырлы тіл» туралы жобаны 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 құрылтайында жария еткен болатын. Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз.Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жәніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын

әрпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жән. Бүкіл әлемде бірдей қабылданған терминдер бар. Олар кез келген тілді байытады. Біз әмірді әзіміз күрделендіре түсеміз, түсінбестікке бой алдырып, ақыл-ойды сапырылыстырамыз, кәнерген сөздердің шырмауынан шықпаймыз. Мұндай мысалдар аз емес. Қазіргі тілде жазылған кемінде жүздеген қазіргі кітаптардың тізімін жасап, қазақ тіліне қазіргіше аударуды ұсынған жән. Бәлкім, жастар арасында конкурс жариялау керек шығар: әздеріне не нәрсе қызықты әрі пайдалы екенін олар да айтсын. Қазақ тілін дамыту саясаты одан жерінуге, тіпті қазақтардың әздерінің бойды аулағырақ ұстауына ықпал етпеуі керек. Керісінше, тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сәйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек. Біздің саясатымыз - 2025 жылға дейін қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білу. Бұл үшін қазір барлық жағдай жасалған. Қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды.

Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл - егер бала биыл мектепке барса, енді он-он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз. Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай әмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады.

Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз - туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 миллион немесе 41% болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 миллионға артты. Егер әрбір қазақ ана тілінде сәйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен әзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу - біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет

жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына әмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Жалпы алғанда —Тілдердің үш тұғырлылығы тіл саясаты бағдарламасы күні кеше ғана айтылған дүние емес, Президентіміз аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Ал, өткен жылы Еуроодақ өздерінде үш тілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл тарихи қажеттілік. Әрбір адам өз туған халқының, өзі әмір сүретін елдің тілін білу қажеттігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр.

Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады деп сендірді. Орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену білімнің, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түсетін, экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден-бір тетігі дей келе, жаһандануға бейімделуді, заман кәшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз - деді. Мемлекеттік тілдің мәртебесі артуда. Көптеген проблемалы мәселелер Елбасымыздың кәреген саясатының арқасында соңғы жылдары шешімін тауып, игілікті істер жүзеге асырылып жатыр. Соның ішіндегі ең маңыздысы – тіл саясатына қатысты атқарылып жатқан шаралар. Бүгінгі күні «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» негізінде бүкіл республика бойынша тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ауқымды шаралар белгіленіп, сол бойынша жүйелі әрі мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Осы мемлекеттік бағдарлама аясында Қарағанды қаласында да келелі істер атқарылып, бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді. Қала әкімдігі жанындағы «Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мәдени іс-шаралар легін ұйымдастырып, өткізіп тұрады. 2012 жылдың бірінші жарты жылдығында осы мақсатта бірқатар жұмыстар атқарылды. Бағдарламаны жүзеге асыруда балабақшадан бастап, мемлекеттік емес мекемелерге дейінгі барлық салалар қамтылған. Бір қуанарлық жайт, қазақша тәрбие беретін балабақшалар желісі бүгінгі күні айтарлықтай кеңейді. Балабақшаларда тәрбиеленіп жатқан өзге ұлт бүлдіршіндері мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, еркін сөйлей алатынына бөлім ұйымдастырған «Қазақшаң қалай, балақай?» атты байқауды өткізу барысында кәзіміз жетті. Ең бастысы, бүлдіршіндердің мемлекеттік тілді игеруге, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрлерін танып-білуге деген құлшыныстары артқан. Бұл, әрине, ең алдымен тәрбиешілердің, әдіскерлердің орасан еңбектерінің жемісі. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында «Қарағанды қаласының жоғары оқу орындары, колледждер, орта білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді оқытудың озық әдістемелері» атты семинар өткізіліп, аталған семинарға білім беру мекемелерінің тәрбиешілері,

әдіскерлері, оқытушылары қатысып, өз ойларымен бәлісті, атқарып жатқан нақты жұмыстарымен, аталған бағытта қол жеткізген нәтижелерімен таныстырды. Орта мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері арасында өткізілген «Халық ауыз әдебиеті әлеміне саяхат» байқауында ұстаздар қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын жетік білу бойынша жарысып, мақал-мәтел, жаңылтпаштар айтудан сайысты. Ұстаздың танымы зор, әрісі кең болуы ұрпағымыздың саналы, білімді, тәрбиелі болуына ықпалы мол екені сөзсіз. Елбасымыздың «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыру мақсатында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, банк қызметі саласының үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) жетік меңгерген қызметкерлері арасында «Тілдарын» байқауы өткізілді. Бұл байқауды өткізу барысында да үш тілді еркін меңгерген қабілетті жастар саны жыл өткен сайын артып келе жатқанының куәсі боламыз. Алдағы уақытта мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің қатысуымен «Үздік аудармашы» байқауын өткізу жоспарланған. Қазақ халқының қоғам қайраткерлерінің, ағартушыларының, ақын-жазушыларының шығармашылықтарын, қазақ халқының дамып, әсіп-әркендеуіне, ұлт ретінде қалыптасуына сіңірген еңбектерін ұмыттырмау мақсатында өзге ұлт өкілдері арасында жыл сайын «Абай оқулары» байқауын және мектеп оқушылары арасында Мұқағали Мақатаев пен Оралхан Бөкей шығармашылықтарына арналған байқау өткізу дәстүрге айналған. Мемлекеттік тілді игеру дәрежелерін анықтау мақсатында Мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында да байқаулар өткізу дәстүрлі шараға айналған. Осы мақсатта «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» атты байқау өткізіліп, Қарағанды қаласы әкімдігінің мемлекеттік тілді жетік меңгерген қызметкерлері облыс көлемінде жүлделі бірінші орынға ие болып, мекеме мәртебесін биіктетті. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілдегі құжат айналымының сапасын көтеру және іс жүргізу барысында туындайтын тағы да басқа проблемалы мәселелерді талқылау мақсатында мемлекеттік мекемелер қызметкерлерімен «дөңгелек үстелдер», семинарлар жиі ұйымдастырылады. Бәлімнің ұйымдастыруымен қала көшелерінде орнатылған жарнамалардың сауатты толтырылуы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 21-бабы «Жарнама туралы» Заңының талаптары сақталуын бақылау мақсатында Қарағанды қаласының кәсіпкерлерімен семинар-кеңес өткізіліп, аталған семинарға қатысқан қала прокуратурасының қызметкерлері, «Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері нақты кеңестер беріп, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жалпы, жоғарыдағы шараларды ұйымдастырудағы басты мақсат - мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, қоғамның әлеуметтік-саяси, мәдени өмірінде мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін игеруге деген құлшыныстарын туғызу, елі үшін қызмет ететін әрбір азаматтың мемлекеттік тіл мәртебесін нығайтуға мүдделілігін таныту. Ең бастысы, қоғамдағы тіл саясатына, тілдерді дамыту мәселелеріне деген халықтың көзқарасы өзгерді. Елімізді мекендеген қай ұлттың өкілі болсын, Қазақстан Республикасы азаматы ретінде Елбасының, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын қолдап, барынша атсалысуының нәтижесінде елімізде тұрақтылық пен ынтымақтастық сақталып

отыр. Барша қазақстандықтардың басын біріктіретін мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларында қолданысын қамтамасыз ету – ең басты міндетіміз. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әлі де талай іс-шаралар жоспарланған, аталған бағыттағы жұмыстар өз жалғасын таба бермек. Ағылшын тілін қазаққа орысша түсіндіру арқылы үйрету дұрыс емес. Бұл жерде ағылшын тілінің қазақ тілін жетік білетін маманын даярлауды күшейту керек. Қазақ тілін оқытқан кезде, оның қоғамдағы жеке қолданылуын есте ұстаған жөн. Екіншісі – оны үштілділіктің бір сыңары ретінде қолдану. Осы жерде бізге біртілділік, қостілділік пен үштілділіктің қайсысы тиімді дейтін болсақ, әрине, біртілділікке жететін ештеңе жоқ. Бірақ бір тілдің аты – бір тіл. Әлемде біртілділігі мықты қалыптасқан 10-15 ел бар. Мысалы, Жапонияда – жапон, Кореяда – корей, Германияда – неміс тілі. Қалған халықтардың барлығында қос немесе үштілділік қалыптасқан. Айта кететін бір жайт, Сингапурда қытайлардың саны көп болғанымен, олардың дені ағылшынша сөйлейді. Әйткені халқы сол арқылы байып отыр. Қорыта келгенде, —Тілдердің үш тұғырлылығы|| бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады. Әскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы — замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Сондықтан да, елімізде —Үш тұғырлы тіл|| мәдени бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылатын болады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Мемлекеттік тілді және шет тілдерді үйренуіміз керек. Мынандай шарықтау заманында көп тілді игергенге ешкімнің таласы болмайтыны хақ. Сондықтан қазақ, орыс және шет тілдерінің ішінде көбіне көп қолданылып жүрген ағылшын тілін жетік меңгерген ұрпақ әсіріп, оларға үлгі бола білу-бәсекеге қаблетті елдің берік іргесі мен кемел келешегінің кепілі .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. Әлметова Ә.С. «Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» пед.ғыл.доктор.дисс.автореф. Алматы, 2007. -48б.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (Жоба)

4. Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» - Егемен Қазақстан газеті. 19/І-2006. №16.